СҰХБАТ

Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ,
«Мұқағали» журналы» ЖШС-ның директоры:

МҰКАҒАЛИЛЫ

– Үлкен журналды жалғыз адамның шығаруы мүмкін емес. Сондықтан бұл іске қаламдас әріптестерді қатыстырдық. Талдықорғандағы үйге Кәдірбек Құныпияұлы, Рысбек Сәрсенбай, Батық Мәжитұлы және Сағатбек Медеубек сынды қазақ журналистикасының қабырғалы қаламгерлерін жинап, үш күн бойы «Мұқағали» журналын қалай шығарудың жай-жапсарын ақылдастық. «Мұқағали» журналының негізін қалап, идеялық бағдарын айқындауда, мазмұнын айшықтауда аталған азаматтар үлкен үлес қосты. «Райымбек батыр» қорының төрағасы, Алматы облысы білім басқармасының сол кездегі басшысы Тоққожа Естенов қаржылай көмек жасады. Мұқағали поэзиясының жанашырлары, қазақтың белгілі азаматтары Амангелді Ермегияев, Кеңес Үшбаев, Стахан Белғожаевтар жан-жақты қолдау көрсетті. Кеңес Үшбаев редакцияны бөлмемен, компьютерлік техникамен қамтамасыз етсе, Амангелді Ермегияев редакциямызға көлік алып берді. Стахан Белғожаев

– «Мұқағали» журналы ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі бірден-бір негізгі құрал ғой?

– Иә, дұрыс айтасыз, журналды Мұқағалитанудың, сонымен қатар ақын шығармашылығын зерттеудің әрі насихаттаудың да бірегей құралы деп айтуымызға болады. Басылымды дер кезінде шығару арқылы ұтқан бір тұсымыз, ақынның көзін көрген, бірге жүрген замандастарының айтқандары болды. «Өмір – өзен». Қазір олардың қатары сиреді. Небір асыл дүниелерді тасқа басып үлгердік. Мұның бәрі мұқағалитануға септігін тигізетін себептер.

– Бүгінде тұлға шығармашылығын зерттеу қалай жүріп жатыр? Қандай мәселелер бар?

– Жалпы мұқағалитану бойынша да, ақын мұрасын зерттеу бойынша да біраз жұмыстар жасалып жатыр. Дегенмен, түбегейлі зерттеп болдық деп айту әлі ерте. Ол іргелі ғылымизерттеу еңбектерді қажет ететін мәселе. Сондықтан Мұқағали өлеңдерінде ашылмай жатқан қазына өте көп. Мысалы, философия ғылымының

латын журналда да көп жақсы дүниелер, ізденіске идея беретін тақырыптар жазылып, көтеріліп жүр. Қазақтың маңдайалды ақын-жазушыларының Мұқағали туралы сұхбаттарын ұйымдастырдық. Сол сұхбаттарда да көп құнды пікірлер айтылды. Басылымның рөлі осы тұрғыдан маңызды деп білемін. Тарихқа айналған 10 жыл ішінде біздер Мұқағалидың құпиясын толықтай ашып, көпшілік қауымға таныстырдық десек астамшылық болар еді. Ақын мұрасына қатысты қозғалмаған тақырыптар әлі де көп. Сондықтан алдағы уақытта Мұқағали мұрасын зерттеп жүрген азаматтарды журналдың мазмұнды шығуына қатыстыруға күш салатын боламыз. Қалың жұрт журналмен байланысын нығайтса, нұр үстіне нұр.

– Журналдың Мұқағалидың туған ауылымен, мұражайымен байланысы қандай?

– Мұқаңның туған ауылы Қарасазбен, отбасымен, мұражайымен шығармашылық байланыстарымыз үзілген емес. Мұқағали мұражайында журналдарымыз бар. Ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев редакциямызға

Заманауи білім беру мәселесі талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстандағы PR-білім берудің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға «Қазақ газеттері» ЖШС-ның бас директоры, саяси ғылымдар кандидаты, доцент Жұмабек Кенжалин, Казкоммерцбанк өкілі, HR директор Қуат Домбай, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ теле-радиожурналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты, доцент Аязби Бейсенқұлов, Қазақстан және Орталық Азиядағы «Советник» (Ресей) журналы мен порталының өкілі, PR-кеңесші Владимир Павленко, Огайо (АҚШ) университетінің профессоры Эми Эдмендсон және т.б. қатысты.

Білім беру саласындағы жаһандану, интеграция тенденциялары кәсіби құзіреттілік қалыптастыруда жоғары талаптар қояды. Қоғаммен байланыс мамандығында менталитет, тіл, өзара қарым-қатынас, ақпаратты қабылдау, тұтынушылардың мәдени ерекшеліктерін ескеру қажет. Сондықтан қазақстандық тәжірибеге негізделген оқу құралдары, оқулықтар жазылуы керек. PR-білім берудің қазақстандық моделін қалыптастыру, жаңа білім беру стандарттары мен бағдарламаларды даярлау күн тәртібінде тұр. Қоғаммен байланыс саласын зерттеуші ғалымдар мен практик мамандар бас қосқан жиында оқытудың құзіретін қалыптастыруға бағытталған кәсіби талаптар, жоғары деңгейлі оқу бағдарламаларын жасау жөнінде пікірлер талқыланып, шешілу жолдары ұсынылды. Креативті мамандық болғандықтан, оқуға шығармашылық конкурс негізінде қабылдау керектігін шара қатысушылары бірауыздан мақұлдады.

Кафедрада студенттерге 2 жылдай дәріс оқыған Қ.Домбай болашақ PR мамандардың қаншалықты сұранысқа ие екендігіне тоқталды. Олар тек баспасөзге арналған материалдар жазумен ғана шектелмей, тың жобалар жасап, маркетинг негіздерін білуі, өздерін үнемі жетілдіріп, нарыққа бейімделуі керек екендігін атап өтті. «Жұмыс берушілердің талап-тілектерін білу үшін осындай жиындар жиі өткізілу керек» деп аяқтады ол өз сөзін.

Әрине, мамандықты әртүрлі жолмен меңгеруге болады. Алайда жоғары оқу орнында алған білім ғана қажетті құзіреттілікті қалыптастырады. Қазақстанда PR-білім берумен алты ЖОО айналысады. Соның бірі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Аталмыш шараға Астанадан арнайы келіп қатысқан А.Бейсенқұлов мамандыққа шығармашылық негізде қабылдаудың маңыздылығына тоқталып, дұрыс шешім екендігін құптады. В.Павленко PR-білім беруде практика мен теорияны бір-бірінсіз елестету мүмкін емес болғандықтан, ықпалдастыру жолдарын атады. Осы мамандық бойынша бітірген түлектердің құзіреттілігі туралы жұмыс берушілердің әділ бағасы осындай жиындар барысында анықталатындығын айтып өтті. Ә.Қосанов PR мамандарын даярлау қоғамдық-экономикалық және әлеуметтік ахуалға сәйкес болуы қажет екендігін баса айтты. Саясаткер журналистің «Әлемдік PR теориясының жиынтығын жасап, сөлін, ақиқатын, шындығын алып, қазақстандық ерекшеліктерге бейімдеу қажет» деген пікірі орынды.

Огайо университетінің профессоры Эми Эдмендсон АҚШ-тағы PR-білім берудің перспективалары туралы сөз қозғады.

Конференция қорытындысында қоғаммен байланыс мамандығына шығармашылық конкурс негізінде қабылдау туралы қарар қабылданып, ҚР Білім және ғылым министрлігіне өтініш жіберу жоспарланды.

Назгүл ШЫҢҒЫСОВА,
филология ғылымының докторы